

Алматы қаласындағы жасыл желектерді қорғау мен күту Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

III-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XV сессиясының 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 143 шешімі. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 7 маусымда N 660 тіркелді. Күші жойылды - III сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 314 шешімімен (V06R735)

Ескерту. Күші жойылды - III сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 314 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқықбұзушылық туралы" Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңына сәйкес III-сайланған Алматы қаласының Мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы

:

1. Ұсынылып отырған Алматы қаласындағы жасыл желектерді қорғау мен күту Ережесі бекітілсін.

2. "Алматы қаласының жасыл желектерді қорғау мен күту туралы Ереженің", I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1996 жылғы 5 шілдедегі "Санитарлық-экологиялық бөлімшелер және Алматы қаласында жалпы пайдаланылатын өсімдіктер қорын қорғау Ережелері туралы" X сессиясы шешімінің 2 қосымшасының күші жойылған деп танылсын және I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 18 қыркүйектегі XXI сессиясының шешімімен бекітілген "Алматы қаласының аумағын көріктендіру, санитарлық тазалау, тазалықта ұстау және жинауды ұйымдастыру Ережелерінің" 2.6, 8.2 тармақтары және "Осы ережелерде тыйым салынған іс-әрекеттер" бөлімінің 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 абзацтары алынып тасталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экология және ТЖ мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (А.Б. Біртанов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.С. Сманкұлов жүктелсін.

III сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты XV сессиясының
т ө р а ғ а с ы

III сайланған Алматы қаласы

Мәслихаты хатшысы

III сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XV сессиясының 2005 жылғы 27 сәуірдегі "Алматы қаласындағы жасыл желектерді қорғау мен күту ережелерін бекіту туралы" 143 шешімімен бекітілген			
--	--	--	--

Алматы қаласындағы жасыл желектерді қорғау және күту ережелері

Осы ережелер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Қоршаған ортаны қорғау туралы" заңдарына сәйкес әзірленді. Ережелер Алматы қаласында жасыл желектерді қорғау және күту саласындағы қарым-қатынастарды реттейді және белгілейді және барлық заңды және жеке тұлғалардың меншік нысандарына қарамастан орындауы үшін міндетті. Жасыл желектерді қорғау және күту жөніндегі мемлекеттік бақылау және табиғатты пайдалануды реттеу заңдарға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті орындауға уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органға, ал, жұмыстарды ұйымдастыру иеліктерінде жасыл желектері бар табиғат пайдаланушыларға жүктеледі.

Жалпы ережелер

1. Бұл ережелер төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) жасыл желектер - табиғи өскен және және жасанды егілген ағаш бұтақты және шөпті өсімдіктер қаланың бірыңғай жасыл қорын құрайды;
 - 2) абаттандырылған аумақ - жасыл желек орналасатын жер учаскесі;
 - 3) жалпы пайдаланылатын жер - алаңдар, көшелер, жаяу соқпақтар, жолдар, жағалаудағы саябақтар, бульварлар үшін алынған өзге де нысандар;
 - 4) жасыл алқап - кемінде 50 дана ағашы бар, түрлік құрамына қарамастан кемінде 00,125 аумақта біртұтас үйлесімді құрайтын абаттандырылған аумақ;
 - 5) жасыл желектерді қорғау - жасыл желектерді, абаттандырылған аумақтар

мен жасыл алқаптарды жасауға, сақтау мен түлетуге оның ішінде жойылған немесе зақымдалған жасыл желектерді өтемдік қалпына келтіруге бағытталған құқықтық, әкімшілік, ұйымдық және экономикалық шаралар жүйесі;

6) санитарлық кесу - шіріген, зақымдалған, құраған, құрғақ бұтақтарды кесу;

7) жасыл желектерді қырқу - жасыл желектерге белгілі бір әсемдік беру үшін б ұ т а л а р д ы к е с у ;

8) жасыл желектерді зақымдау - ағаш-бұтақ өсімдіктерінің, тамырына, діңіне, бұтақтарына, шөпті өсімдіктердің жер үсті бөлігі мен тамыр жүйесіне өсімін тоқтатуға алып келмейтін залал келтіру. Тамыр жүйесінің, механикалық зақымдануы, тамыр қырыс тұтастығының, топырақ үсті жамылғысы тұтастығының бұзылуы және залалдың өзге де түрін келтіру;

9) жасыл желектерді құрту - өсімінің тоқтауына алып келетін жасыл ж е л е к т е р д і ң ж о й ы л у ы ;

10) дендрологиялық жоспар дендрожоспар - ашық учаскелермен, газондармен үйлесімде өсіп тұрған және жасыл желектің және отырғызылатын ағаш-бұтақ өсімдіктерінің түрлік құрамын көрсете отыра қала аудандарының шегінде жасыл ж е л е к т е р д і о т ы р ғ ы з у ж о с п а р ы ;

11) Алматы қаласы жасыл желектерінің тізбесі - Алматы қаласының аумағындағы жасыл желектердің түрі, түрлік құрамы, саны туралы мәліметтер ж и ы н ы ;

12) жасыл желектерді күту мен қорғау Ережелерін бұзғандығы үшін жауапкершілік - ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды және жеке тұлғаларға әкімшілік және экономикалық шараларды қолдану.

Жасыл желектерді қорғау мен күтудің негізгі принциптері

2. Алматы қаласының барлық жасыл желектері жеке үй құрылыстары мен саяжайларда өсіп тұрған жасыл желектерді қоспағанда, қол сұғылмайтын қ а л а л ы қ ж а с ы л қ о р д ы қ ұ р а й д ы .

3. Жасыл желектерді сақтау мен қорғау жөніндегі шаралар кешенін азаматтар , лауазымды және заңды тұлғалар меншік нысанына қарамастан жүзеге асырады.

4. Жобалық, құрылыс және шаруашылық қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерде белгіленген жасыл желектерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, жүзеге асырылады. Құрылыс, шаруашылық және өзге қызметтер ұйымдастыруға арналған жоба алдындағы және жобалық құжаттамада топографиялық түсірілімге енгізілген жасыл желектердің күйі туралы толық және шынайы мәліметтер болуға тиіс.

5. Жасыл желектер (оның ішінде саябақтар, скверлер, тоғайлар, аллеялар

және т.б.) белгіленген тәртіппен келісілген қала дамуының бас жоспарына кірмейтін учаскелерді қоспағанда құрылыс салуға жатпайды.

6. Жалпы пайдаланылатын жерлердегі абаттандырылған аумақтарды дамыту атқарушы органдардың келісімімен сәулет және қала құрылысы құрылыс органдары қорытындысының негізінде қаланы абаттандырудың ұзақ мерзімді кешенді схемасына сәйкес жүргізіледі.

**Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
қызметті жүзеге асыратын уәкілетті
органның құзыреті
(жасыл желектерді қорғау және бөлігінде)**

7. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органның құзыретіне (жасыл желектерді қорғау және күту бөлігінде):

1) Алматы қаласының аумағында жасыл желектерді кесу, отырғызу, санитарлық кесу және сақтау үшін рұқсаттар ресімдеу мен беру;

2) жасыл желектерді қалпына келтіру, күту шараларының орындалуын
б а қ ы л а у ;

3) ҚР қолданыстағы заңында белгіленген құзыреттер шегінде мемлекеттік бақылау қызметтерін жүзеге асыру кіреді.

**Жасыл желектерді есепке алу,
қорғау және күту**

8. Алматы қаласында жасыл желектерді есепке алу олардың санын, түрлік құрамы мен жағдайын анықтау мақсатында есептеу нысанының шекарасында орналасқан жасыл желектерді түгендеу арқылы жүргізіледі.

9. Есепті жүргізуге жасыл желектердің барлық түрі жатады: ағаштар, бұтақтар, газондар, гүлзалар. Жасыл желектерді түгендеу мамандандырылған ұйымдардың келісімімен қолданыстағы тәртіпте желектердің санитарлық және сапалық жағдайының шкаласын (тұрақтылық сыныбы) ескере отырып жү р г і з і л е д і .

10. Жасыл желектердің есебін көрсететін құжат дендрожоспар болып т а б ы л а д ы .

11. Жасыл желектердің есебі мына мақсаттарда жүргізіледі:

1) Алматы қаласының аумағында жасыл желектердің сандық және сапалық сипаттамасының шынайы мәліметтерін алу;

2) қала аумағындағы жасыл желектерді қорғау, сақтау және абаттандырылған аумақтарды дамыту саласындағы қала саясатының негізгі бағыттарын анықтау;

3) халықты, билік және басқару органдарын қаладағы жасыл желектердің саны мен жағдайы туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету.

12. Жасыл желектер тізбесін жүргізуді ұйымдастыру жұмыстары табиғат қорғау қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Жалпы пайдаланылатын жерлердегі жасыл желектерді күту мен қорғау:

- 1) саябақтарға, скверлерде, аллеяларда атқарушы орган анықтайды;
- 2) арнайы саябақтарға осы мекемелердің әкімшіліктеріне жүктеледі;
- 3) жапсарлас аумақтарда жер учаскелерінің иелері мен жалгерлеріне жүктеледі;

4) Ішкі орамдық жасыл желектерді жер пайдаланушы шекарасындағы үй төңірегін аумақтарындағы желектерді қорғау мен күту тұрғын үй қорының меншіккерлеріне жүктеледі.

14. Жалпы пайдаланылатын жерлерде жүргізілетін жасыл желектерді күту мен қорғау жұмыстарын арнайы ұйымдары тендерлік негізде жүргізеді.

15. Уәкілетті органның рұқсатына сәйкес жүргізілген өтемдік қалпына келтіру жер учаскесінің сол аумағында үш есе көлемде биіктігі кемінде 2 метр жапырақ тұқымдас, ал қылқан жапырақтылар үшін кемінде 2 метр көшеттер отырғызу жолымен (І-ші және ІІ сыныптағы сападағы) жүргізіледі. Отырғызу үшін бос алаң болмаған жағдайда уәкілетті орган жасыл желектің қалпына келтіру құнына есеп жүргізеді; оның төлемін заңды және жеке тұлғалар жергілікті бюджетке төлейді.

16. Рұқсатсыз кесу жүргізілген өтемдік қалпына келтіру жер учаскесінің сол аумағында он есе көлемде биіктігі кемінде 2 метр жапырақ тұқымдас, ал қылқан жапырақтылар үшін кемінде 2 метр көшеттер отырғызу жолымен (І-ші және ІІ сыныптағы сападағы) жүргізіледі немесе жасыл желектің қалпына келтіру құны анықталады, оның төлемін заңды және жеке тұлғалар жергілікті бюджетке төлейді.

17. Жасыл желектерді қалпына келтіру мүдделеріне орай кесу жүргізілген заңды және жеке тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

18. Жасыл желектерді өтемдік қалпына келтіруді заңды және жеке тұлғалар өз бетінше немесе шарт бойынша арнайы ұйымдар оларды одан әрі күтудің міндетті шарттарын сақтай отырып жүргізе алады.

19. Кінәлі адамды анықтау мүмкін емес жағдайда жасыл желектің табиғи өлуі, жойылуы, заңсыз кесілу дерегі бойынша жасыл желекті қалпына келтіру қала бюджеті есебінен жүргізіледі.

20. Отырғызылған жасыл желек солған жағдайда мүддесіне орай кесу жүргізілген тұлға жасыл желекті қайта отырғызады және оның одан әрі күтілуін қамтамасыз етеді.

Жасыл желектерді кесу және қайта отырғызу

21. Жасыл желекті кесу, қайта отырғызу (қысқы тыныштық күйі), пішіндеу, тазалау, санитарлық кесу осы Ережеде белгіленген тәртіппен ресімделеді, жер пайдалану немесе учаскені жалдау құқығын анықтайтын құжаттарды көрсету бойынша уәкілетті органның ресми рұқсатымен ғана жүргізіледі.

22. Ереженің күші азаматтардың жеке үй құрылысы үшін пайдаланатын аумақ пен саяжай учаскелеріне қолданылмайды. Жасыл желектерді кесу мен қайта отырғызу рұқсатты ресімдеусіз жалпы табиғат пайдалану тәртібімен олардың өз ұйғарымдары бойынша жүргізіледі.

23. Жалпы пайдаланатын жерлерде ағаштар мен бұталарды кесуді уәкілетті органның міндетті рұқсатты ресімдеуімен тендерлік негізде арнайы ұйымдар жүргізеді.

24. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын қала құрылысы жұмысы жүргізілген кезде, жасыл желекті қалпына келтіру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

25. Төтенше және авариялық жағдайларда ағаштың құлауы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын, ғимараттар мен құрылыстың, коммуникациялардың зақымдалуына, жол қозғалысы қауіпсіздігінің бұзылуына алып келетін жайттарда аталған жасыл желектерді кесу шұғыл ретте жүргізіліп, артынша атқарушы органға хабарланады. Кесу дерегі куәландыру актісімен айғақталады, атқарушы орган жұмыс басталған сәттен бастап 72 сағаттың бойында жасайды.

26. Кесілген жасыл желек пен кесілген қалдықтары жұмыс жүргізілген жерде жинау мен сақтауға тыйым салынады. Кесілген қалдықтарды үю, буып-түю және тасымалдау бойынша барлық жұмыстар техника қауіпсіздігі талаптарын толық сақтай отырып, жүргізілуге тиіс.

27. Жасыл желектерді отырғызу бойынша жұмыс жүргізілгеннен кейін Тапсырысшы олардың одан әрі күтілуін қамтамасыз етуге міндетті.

28. Жасыл желекті кесуге, қайта отырғызуға рұқсатты ресімдеу үшін мынадай құжаттар тапсырылуға тиіс:

Заңдық тұлғалар үшін:

- 1) уәкілетті органның басшысының атына өтініш;
- 2) нысандар мен ЖТҚ салу үшін жер учаскесін бөлген кезде, жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесі;
- 3) жердің заңдық құжаттамасының көшірмесі;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы (салынып жатқан және жаңартылатын нысандар үшін);
- 5) қайта салынған нысандар үшін Алматы қаласы сәулет және қала құрылысы

департаментінің сәулеттік-жоспарламалық техникалық тапсырмасы бойынша
қ о р ы т ы н д ы .

Жалпы пайдаланатын жерлердегі жеке тұлғаларға жапсарлас жерлердегі
ж а с ы л ж е л е к т е р д і к е с у к е з і н д е :

- 1) уәкілетті органның басшысының атына өтініш;
- 2) нысандар мен ЖТҚ салу үшін жер учаскесін бөлген кезде, жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесі.

29. Абаттандырылған аумақтарға осы ережелермен тыйым салынады:

- 1) ж а с ы л ж е л е к т е р д і з а қ ы м д а у ғ а н е м е с е қ ұ р т у ғ а ;
- 2) алау жағуға, түскен жапырақ пен құрғақ шөпті жағуға;
- 3) тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтармен, ағынды сумен қоқыстауға
ж ә н е л а с т а у ғ а ;

4) ағаштан шырын өндіруге, жазулар, оюлар салуға, ағаштарға жарнама, хабарландыру, нөмірлік белгілер, әртүрлі көрсеткіштерді орналастыруға және ағашқа ілмек пен шеге қағуға;

5) автокөлік құралдарының, құрылыс және өзге техниканың, осы аумақты пайдалануға және жасыл желекті күтуге байланысты техниканы қоспағанда, өтуі
м е н т ұ р у ы н а ;

6) автокөлік құралдарын жууға;

7) газонға көлік құралдарын қоюға;

8) м а л ж а ю ғ а ;

9) әртүрлі жүктерді, оның ішінде құрылыс материалдарын үюге;

10) ағаштар мен бұталардың сақталуын қамтамсыз ететін шараларды сақтамай, жасыл желектер алып жатқан учаскелерге төбеден қар түсіруге;

11) жасыл желекке залал келтіруге қабілетті өзге әрекеттер мен әрекетсіздіктер жасау.

Жасыл желектерді қорғау мен күту саласындағы құқық бұзушылық үшін жауапкершілік

30. Жасыл желектерді заңсыз зақымдау немесе жою үшін әкімшілік жауапкершілік Қазақстан республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде
а н ы қ т а л а д ы .

31. Жеке, лауазымды және заңды тұлғалар осы Ережелердің баптарын бұзған кезде "Әкімшілік құқықбұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

*III сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты XV сессиясының*

төрағасы

III сайланған Алматы қаласы

Мәслихаты хатшысы

"Алматы қаласындағы жасыл желектерді
қорғау мен күту ережелерін бекіту туралы
Ережеге N 1 қосымша

**Жасыл желектерді зертеу
АКТІСІ**

200__ ж. "___" _____

Көше _____

аудан _____ Алматы қаласы

Біз, төменде қол қоюшылар, _____
уәкілетті органның

_____ лауазымды тұлғасы (лауазымы, А.Ж.Т, органның атауы)

және тапсырыс берушінің өкілі

_____ түсетін жасыл желектерге зерттеу жүргізді

Нәтижесінде анықталды:

Жасыл же- лектердің тұқымдық құрамы	К е с у г е кетегіндері		Қ а й т а отырғызу	
	саны	дм	саны	дм

--	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Сақталатыны		Сапалық жағдайы (нақты)		
саны	дм	жақсы	қанағаттық	қанағатсыз

кестенің жалғасы

		Кесуге кете тіндері		Қайта отырғызу	

кестенің жалғасы

Сақталатыны		Сапалық жағдайы (нақты)		

Осы акт _____ дана болып жасалды.

Ескертпе: Тексеру акті ағашты кесуге немесе отырғызуға құқық беретін құжат болып табылмайды.

Тапсырыс берушіні өкілі алды _____ А.Ж.Т.

Уәкілетті органның

лауазымды тұлғасы қолы А.Ж.Т.

"Алматы қаласындағы жасыл желектерді қорғау мен күту ережелеріне"

№ 2 қосымша

Жасыл желектерді кесу, қайта отырғызу, түзеу мен санитарлық сақтау үшін РҰҚСАТ

200__ж. "31" желтоқсанға дейін жарамды

1. Кәсіпорынның аталуы (РНН)
2. Кәсіпорынның басшысы (А.Ж.Т.)
3. У ч а с т о к
4. О р н а л а с қ а н ж е р і
5. Шараларды өткізу үшін негіздеме
6. Жер учаскенің меншік түрі (ғ, күні)
7. Уәкілетті органның зерттеу актісі
8. Ағаш-бұтақ желектерінің нақты жағдайы (сапалы, сапасыз)
9. Алматы қаласы жасыл желек қорының өтемдік қалпына келтіру бойынша міндеттеме (кепілдік хат)

ҚОРЫТЫНДЫ

Уәкілетті орган (толық атауы) жасыл желектердің жай-күйін ескере отыра, зерттеу актісіне сәйкес жоғарыда аталған ағаштарды кесуді келіседі, бұл жағдайда бірінші басшыға мына талаптарды орындау міндеттеледі:

1. Жер асты және жер үсті коммуникацияларын қорғау ережелерін сақтай отырып, әшекейлі, бағалы желектерді отырғызу жолымен жасыл желектерді өтемдік қалпына келтіру бойынша шараларды жүргізуі қажет;

2. Жапсарлас аумақтарда жасыл желектерді күту бойынша шаралардың толық кешенін жүргізуге тиіс;

Қ о с ы м ш а : _____

Е с к е р т п е : _____

У ә к і л е т т і о р г а н н ы ң

басшысы	А.Ж.Т.		
"Алматы қаласындағы жасыл желектерді қорғау мен күту ережелеріне"			
№ 3 қосымша			

Жасыл желектерді

түзеуге, санитарлық кесуге, штамбтық тазалауға

РҰҚСАТ

200__ж. "31" желтоқсанға дейін жарамды

1. Кәсіпорынның аталуы (РНН) (тапсырушы)
2. Кәсіпорынның басшысы (А.Ж.Т.) (тапсырушы)
3. Сұрау салынып отырған участоктың қолдану бағыты
4. Орналасқан жері
5. Шараларды өткізу үшін негіздеме
6. Жер учаскенің меншік түрі (ғ, күні)
7. Уәкілетті органның зерттеу актісі

ҚОРЫТЫНДЫ

Уәкілетті орган (толық атауы) жасыл желектердің жай-күйін ескере отыра, зерттеу актісіне сәйкес жоғарыда аталған ағаштарды түзеуге, санитарлық кесуге, штабтық тазалауға келіседі, бұл жағдайда бірінші басшыға мына талаптарды орындау міндеттеледі:

Жасыл желектерді күту, сақтау бойынша толық кешенді шараларын жүргізуге тиіс.

Ескертпе: _____

Уәкілетті органның

басшысы	А.Ж.Т.
"Алматы қорғау	қаласындағы жасыл желектерді
мен	күту ережелеріне"
N 4 қосымша	

200__ жылдың 1 қаңтарында дейінгі
Алматы қаласы жасыл желектерінің
тізбесі

Жасыл желек нысандарының алаңдарын жер санаты,
өсімдік түрлері және функционалдық мақсаты
бойынша бөлу

А л м а т ы қ а л а с ы

Әкімшілік аудан: (код) _____

Жауапты ие: _____

Жасыл желектердің тізбесі

Кесте

Нысанның топографиялық түсірілімінің реттік, түгендеу N	Жердің функционалдық мақсаты, тағайындаудағы үлгі топтары, жасыл желектер (учаскелер) нысандарының аталуы	Жіктеулік	Нысанның (учаскенің), жасыл желектің алаңы, га (ағаш-бұтақты)
A	B	B	1

кестенің жалғасы

Парк үлгісіндегі жасыл желектер				
Ағаш өсімдіктері, кбм. га/дана				
2	3	4	5	6
жекелеген ағаштар	Топтар, алаң қалай-лар	Алқаптар тоғайлар, бақ, га	Аллеялар қатарлар	Барлығы га/дана

кестенің жалғасы

Парк үлгісіндегі жасыл желектер			
Бұтақ өсімдіктері			
7	8	9	10
жекелеген	тірі тұқым	қатарлық отырғызу	Барлығы га/дана

кестенің жалғасы

Ашық кеңестік								
Гүлзарлар, га					Газондар, га			
жаздық	көп жылдық	аралас	контейнерлік	Барлығы	партерлік	қарапайым	топырақты жамылғы	Барлығы
11	12	13	14	15	16	17	18	19

кестенің жалғасы

Парктік үлгідегі бүкіл өсімдік	Орман, табиғи үлгідегі өсімдіктер		
	Табиғи және аралас үлгідегі ағаш қаңқасы	Дақылдар	Табиғи діндер
20	21	22	23

